

Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 21 қараша 1994 ж. N 464-ө

"Қазақстан Республикасында радиациялық жағдайды жақсарту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 желтоқсандағы N 1103 қаулысын жүзеге асыру мақсатында:

1. Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы (бұдан былай "КАТЭП" ҰАК) радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату мен көмудің (сақтаудың) республикалық жүйесін құруға жауапты мемлекеттік тапсырыс беруші болып белгіленсін.

"КАТЭП" ҰАК-сы Қазақстан Республикасында осы міндеттерді жүзеге асыратын орган туралы ережені 1994 жылдың 25 қарашасына дейін әзірлеп, бекітетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі жыл сайын индикативті болжау-жоспар мен бюджетті әзірлеген кезде "КАТЭП" ҰАК-сына радиоэкология жөніндегі табиғат қорғау жұмыстарын нысаналы қаржыландыруға қаражат көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Атом энергиясы жөніндегі агенттігі радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату мен көмудің (сақтаудың) республикалық жүйесін құру жөніндегі қолда бар материалдардың бәрін 1994 жылғы 25 қарашаға дейін "КАТЭП" ҰАК-на беретін болсын.

4. "КАТЭП" ҰАК-на орташа және аса жоғары радиоактивті қалдықтарға арналған құрылыстар жүргізіп, пайдаланумен қатар төмен радиоактивті қалдықтарды сақтап, ұқсатуға арналған құрылыстар салып, іске қосу міндеттелсін.

Премьер-министр